

## Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 қаңтардағы N 12 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 қыркүйектегі № 783 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.09.2015 № 783 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

### *Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .*

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 532 бұйрығын **қараңыз.**

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 7 ) тармақшасын орындау үшін және автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тартуды тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 3

қ а ң т а р д а ғ ы

N

1 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## Автомобиль мен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту ережесі

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 7) тармақшасын іске асыру мақсатында әзірленді және автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту тәртібін реттейді.

## **2. Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту**

2. Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларды көліктік қамтамасыз етуді жедел ұйымдастыру мақсатында жүзеге асырылады.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде, сондай-ақ төтенше жағдайды енгізу кезінде төтенше жағдайларды жоюға байланысты жұмыстарды орындауға автомобильмен тасымалдаушыларды тартуды мемлекеттік органдар (бұдан әрі - тапсырысшы) Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының бекітілген жоспарына сәйкес оларға берілген өкілеттіктер шегінде іске асырады.

4. Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды жоюға тарту үшін тапсырысшы автокөлік құралдары тасымалдау қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін жергілікті атқарушы органдар мен тасымалдаушылардың арасындағы Қазақстан Республикасы Азаматтық қорғанысының жоспарлары бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен жасалған шарттар шеңберінде автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға арналған өтінім жасайды және оны тасымалдаушыларға тапсырады.

5. Өтінімде (осы Ережеге қосымшаға сәйкес) тапсырысшы мыналарды:

- 1) автомобиль тасымалының түрін;
  - 2) пайдаланылатын автокөлік құралдарының типтерін;
  - 3) тасымалдардың сипаты мен ерекшеліктерін;
  - 4) жүк жөнелтушінің атауын;
  - 5) жүк алушының атауын;
  - 6) тиеу (отырғызу) пункттерінің атауын;
  - 7) түсіру (шығару) пункттерінің атауын;
  - 8) автокөлік құралдарын тиеу (отырғызу) пунктіне беру күні мен уақытын;
  - 9) тапсырысшының автокөлік құралдарын пайдалануының жалпы уақытын
- к о р с е т е д і .

6. Төтенше жағдайларды жою үшін автокөлік құралдарын жіберетін автомобильмен тасымалдаушылар жүргізушілерді адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, өмірі мен денсаулығын сақтауға, төтенше жағдайлардың

сипатына және ауқымына байланысты табиғатты және мәдени құндылықтарды қорғауға қажетті қосымша жеке қорғаныс құралдарымен, арнайы жабдықтармен, аспаптармен және приборлармен қамтамасыз етеді.

7. Қажет болған жағдайда тапсырысшы автокөлік құралдарының тиеу (отырғызу) және түсіру (шығару) орындарына кедергісіз жүріп өтуін және автокөлік құралдарын күзетуді қамтамасыз етеді.

8. Тасымалдаушы автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде автокөлік құралында жүргізушінің рейс алдындағы медициналық куәландырудан және автокөлік құралының техникалық тексеруден өткені туралы белгілері бар жол парағының болуын қамтамасыз етеді.

9. Автомобильмен тасымалдаушылар төтенше жағдайларды жою жөніндегі іс-шараларға қатысқан автокөлік құралдарын олардың тұрақты орналасу орындарына қайтаруды жүзеге асырады.

10. Автокөлік құралдарының төтенше жағдайлар аймағында жұмыс істеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес анықталады.

### **3. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу**

11. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстарды орындауға байланысты шығындарды өтеу көліктік жұмыстардың нақты орындалған көлемін және автокөлік құралдарының нақты пайдаланылған уақытын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төтенше жағдайларды жою жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

А в т о м о б и л ь м е н  
т а с ы м а л д а у ш ы л а р д ы                      т ө т е н ш е  
ж а ғ д а й л а р д ы                      ж о ю ғ а                      т а р т у                      е р е ж е с і н е  
қ о с ы м ш а

**Автомобильмен тасымалдаушыларды төтенше жағдайларды  
жоюға тартуға арналған өтінім**

---

Р/с	Ұстанымның атауы	Мазмұны
1	Автомобиль	тасымалдарының түрі

---

- 2 Пайдаланылатын автокөлік құралдарының типтері
- 3 Тасымалдардың сипаты және ерекшеліктері
- 4 Жүк жөнелтушінің атауы
- 5 Жүк алушының атауы
- 6 Тиеу (отырғызу) пункттерінің атауы
- 7 Түсіру (шығару) пункттерінің атауы
- 8 Автокөлік құралдарын алғашқы тиеу (отырғызу) пунктіне беру күні мен уақыты
- 9 Тапсырысшының автокөлік құралдарын пайдалануының жалпы уақыты

---

Төтенше жағдайларды жою  
басшысы \_\_\_\_\_